

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Ұлы Александр
және эллинистік дәуір





Кіріспе

Б.з.д. V ғасырда грек әскері өздерін парсы патшалығынан қорғауға мәжбүр болды. IV ғасырдың үшінші жартысында грек және македондық сарбаздар парсы патшалығын талқандап, нәтижесінде Парсы Империясының біртіндеп тоқырай бастауына себеп болды. Өз әскерлеріне мықты рух беріп, шабуылдағы ерекше тактикасымен, айла-тәсілдерімен көш бастаған жас патша Александр (б.з.д. 336–323 жж.) әлем тарихында үлкен орын алды. Грекиядан Инд даласына дейін жеткен Александр, Ахеменидпен салыстырғанда әлдеқайда үлкен алып империяны құрды. Алайда бұл табыс ол үшін өткінші болғанымен, жаулап алынған жерлері Оңтүстік-Батыс Азия мен Шығыс Жерорта теңізінің саяси картасының қайта өзгеруіне әкелді.

Сол кездері Үндістандағы Маурья әулетінен шыққан басқыншы құрған бұл үшінші алып патшалық, алғашқы рет тарихта Инд мен Ганг өзендері алқаптарын біріктірді. Осы және бірнеше шағын монархиялардың пайда болуы, олардың көпшілігі грек тілінде сөйлейтін элитаның билігінде болғандықтан Үндістан мен Орталық Азиядан Жерорта теңізіне дейінгі екі ғасырдан астам уақытта, сауда және мәдени алмасудың қарқынды дамуына ықпал етті.

Александр Македонский – әкесі өлгеннен кейін таққа отырған, Аргеадтар (Теменидтер) әулетінен шыққан б.з.д. 336 жылдан бастап Ежелгі Македонияның патшасы, әлемдік державаның басшысы, адамзат тарихының ең ұлы қолбасшыларының бірі. Ол әкесі Филипп қайтыс болғаннан кейін 20 жасында таққа көтерілген соң, фракийшілдердің көтерілісін басып, онда бүлікші Феваны жойып, Грецияны басып алды. Б.з.д. 334 жылы Александр Кіші Азияға жол тартып, Парсы патшалығына қарсы соғыс ашады.

Кітап авторлары Граница тұсында ол сатриптерді жеңгенін, ал Иссайда (б.з.д. 333 жылы) – III Дарий патшаны жеңіп, Сирия, Палестина және Мысырды бағындырғанын дәлелге алады. Б.з.д. 331 жылы Месопотамиядағы Гаугамелада Александр шешуші жеңіске жетті. Кейінірек Дарий өлтіріліп, Персияның ішкі аймақтарын иемденген Александр «Азия патшасы» атағын алды, өзіне Шығыстың атақты өкілдерін жинап, әлемді жаулап алу туралы ойлай бастады. Небәрі үш жылда ол (б.з.д. 329–326 жылдар) Орталық Азияны жаулап алды. Үндістанға басып кірген патша жеңіске жете бастады. Алайда соншама уақыттан бері ұзақ жолдан күші сарқылған әскері бүлік шығаруына байланысты Александр артқа қайтуға мәжбүр болды. Б.з.д. 325 жылы ол өз империясының астанасы болған Вавилонға келді. Келесі жылы, Араб елдеріне жорыққа дайындалып жатқан кезде, Александр 33 жасқа толмай қайтыс болды.

Александр империясы, б.з.д. 325 жылдар

Дунай, Македония, Қара теңіз, Кавказ таулары, Каспий теңізі, Әмудария, Анадолия, Афина, Спарта, Крит, Жерорта теңізі, Кипр, Тир, Александрия, Мысыр, Мемфис, Ніл, Қызыл теңіз, Арабия түбегі, Арабия теңізі, Үнді мұхиты, Парсы шығанағы, Сирия, Вавилон, Евфрат, Тигр, Месопотамия, Экбатана, Гавгамела, Исс, Суза, Пасаргад, Персеполь, Парсы империясы, Үндістан, Бенгал шығанағы, Паттала, Инд, Ганг, Гималай, Пенджаб, Таксила, Гиндукуш, Бактрия, Мараканда.

Көп ұзамай, жаулау барысында құрылған ұлы патшалық құлдырады. Алайда Александрдың жаулауынан кейін эллинизмнің негізін салған грек мәдениеті Шығысқа қарай таралды. Александр антикалық дәуірдің өзінде-ақ тарихтағы ұлы қолбасшы ретінде мойындалған.

Ол Еуропаның да, Шығыстың да ортағасырлық әдебиетіндегі ең танымал кейіпкер болды, өздеріңізге жақсы таныс мұсылман дәстүрінде аңызға айналған патша Зұлқарнайын туралы жақсы хабардарсыздар деген сенімдемін. Батыс тарихнамасында патша Ұлы Александр деген ерекше атауды иемденген.

Эллиндік әлемнің қағидалары

Эллиндік – грек тілі мен мәдениетінің Оңтүстік-Батыс Азия, Ніл алқабы, Жерорта теңізінің батысы мен Қара теңіз аймағы халықтарының тілдік және мәдени формаларымен өзара араласуына қатысты айтылады.



Эллинистік дәуір дегенде Грекия, Македония, Шығыс Жерорта теңізі елдері, Иран, Орталық Азия және Ұлы Александрдың жаулап алынғаннан кейінгі аймағының 300 жылдық кезеңін түсінеміз. Эллинистік дәуірдің аяқталуы батыста – Римнен, ал шығысында – Парфияның ежелгі елдерін жаулап алуымен аяқталды. Б.з.д. 30 жылдары Рим Птолемейлердің (Мысыр) соңғы тәуелсіз эллинистік патшалығын жаулап алған кезде, эллинизм дәуірінің тарихы аяқталды.

Оқулық авторлары эллинизм кезеңі ежелгі грек және ежелгі шығыстың әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынастарының тығыз үйлесуі мен өзара ықпалдасу уақыты болып саналатынын алға тартады. Сонымен қатар Таяу Шығыста гректердің бұрын-соңды болмаған отарлауы жүріп жатты.

Ең қуатты да алып эллинистік мемлекеттердің бірі – Мысыр болды. Оның астанасы Александрия – Шығыс Жерорта теңізінің ең ірі порты, сауда, қолөнер және мәдени орталығына айналды. Мысырдың негізгі аумағында Грекияның үш қаласы: Александрия, Птолемейда және Навкратие орналасты.

Птолемей мемлекеті Мысырдан тыс мынадай аймақтарға иелік етті: Киренакия, Кипр аралы, Оңтүстік Сирия, Финикия аймақтары. Бұл иеліктер өз жергілікті билігін сақтап қалғанымен, птолемейлік басшылардың қадағалауында болды. Ежелгі гректердің дәстүріне сәйкес, Птолемей мысырлық жерлердің қожасы болды.

Мысыр жерлерінің маңызды бөлігін шаруалар, қаржы басқармасының лауазымды тұлғаларының тікелей бақылауымен өңдеді. Мысырдың басқа жерлерін патша әскерге, дін қызметкерлеріне, ақсүйектерге және тағы басқаларға бөліп берді.

Бәрінен де артығырақ ғибадатхана жері болды. Бұл жерлердің салығын абыздар өздері алып, белгіленген мөлшерді патша қазынасына өткізіп отырды.

Эллиндік басқару жүйесі

Б.з.д. III ғасырда эллинистік әлемнің басым бөлігін Селевк империясы бақылап, Жерорта теңізін Таяу Шығыстағы елдермен байланыстыратын керуен мен су жолдары үстем болды және Орталық Азия мен Үндістан арқылы, тіпті, Қытаймен де сауда айналымын жүргізді. Бұл саудада Селевктіктер Птолемейлермен бәсекелестікте болғанын назарда ұстағанымыз жөн.

Мемлекеттік құрылымда Птолемейлер сияқты Селевктіктер жергілікті және грек-македон тәжірибесін пайдаланды. Олар парсыдағы әкімшілік бөлімшесін сақтап қалды, бірақ олардың жоғарғы бақылауында патшаның өкілдері болды. Ел Грек қалаларына және хорездерге бөлінді. Селевктіктердің негізгі тіректері ретінде әрқашан македония, грек әскері және әртүрлі эллинизмдік элементтері болғанын авторлар баса көрсетеді.

Эллиндік әлем мен Маурия империясы, б.з.д. 300–200 жылдар шамасы

Еуропадағы жағдай Таяу Шығыстағы жағдайдан біршама ерекшеленді, Македониядағы аграрлық қатынастар, шығыс эллинистік мемлекеттерге қарағанда, ежелгі антикалық нысанында қалыптасты. Алайда Македонияда патшалық жер болды; осы жердің бір бөлігін патша сарбаздарға және ақсүйектердің әскери қызметшілеріне қолдануға берді. Ел үкіметі патшаның қолында болды. Македонияның сыртқы саясатының басты бағыты Грекия мен Эгей теңізіндегі гегемонияға ұмтылу болды.

Ең қуатты эллинистік мемлекеттер – Селевк империясы мен Птолемейлер патшалығы шығыс Жерорта теңізінде үстемдік ету үшін бір-бірімен бәсекелесіп, Грецияда белсенді рөл атқаруға тырысты. Сонымен қатар, олар уақыт өте келе Эгей теңізінің бассейнін бақылауда ұстап тұру мақсатында үшінші үлкен эллинистік билікпен – Македониямен тығыз қарым-қатынаста болды.

Эллинизм әлемін біртіндеп шығысында Парфия, ал батыста Рим басып алды. Рим жаулап алынған аумақтарында құлдық қоғамның одан әрі дамуын қамтамасыз етіп отырды.

Авторлар келтірген Птолемей Мысырының билеушісі II Арсиноя патшайымы туралы мәлімет өте қызықты. Б.з.д. 323 жылы Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін, оның



билігі бірнеше жеке мемлекеттерге бөлініп кетті. Бұл жаңа әкімшілік құрылымдардың басында македон генералдары – диадохтар тұрды. Ежелгі Мысырда Лаганың ұлы диадох Птолемей болды, Птолемей мысырлық әулеттің негізін қалады. Птолемей Лагасының үш әйелі болды. Соңғысын Береника деп атады. Ол Птолемей, Арсиноя және Филотера деген үш бала тауып берді.

Бұл үштіктен ең таңдаулысы Арсиноя болды. Ол ақыл-ойының, мақсатының және ерік-жігерінің арқасында тарихта Мысыр патшайымы Арсиноя II ретінде қалды.

Арсиноя Мысырда б.з.д. 316 жылы дүниеге келген. Оны 15 жасында Фракияға алып кетіп, сол жерде 60 жасар диодок Лисимахқа тұрмысқа береді. Жас әйел өзінің қарт күйеуіне үш ұл туып береді: Эпигонның I Птолемейі, Лисимах және Филипп. Б.з.д. 281 жылы күйеуі шайқаста қайтыс болған Арсиноя жесір болып қалады. Ол Кассандра қаласына кетіп, б.з.д. 280 жылы Македония патшасы Птолемей Керавнға тұрмысқа шығады.

Птолемей Керавн өте қатыгез әрі тұрлаусыз адам еді. Тағына таласар деген қорқынышпен ол, анасының көзінше 16 жасар Лисимах пен 13 жасар Филипті өлтіртеді. Арсинояның үлкен ұлы Птолемей ғана тірі қалады. Ол солтүстікке дардандықтардың патшалығына қашады, ал анасы жағынан туысы Филадельфадағы ағасы II Птолемейге бас сауғалайды. Осылай ұзақ уақыттан соң, Арсиноя 15 жасар кезінде кеткен Мысырға қайта оралады.

Осылайша, Ніл жағалауындағы көне өркениет ошағында жаңа патшайым сайланады. Мысыр патшайымы болып Арсиноя II бекітіліп, таққа отырады. Ол біртуар басқарушы болды. Птолемей Филадельфпен бас қосады. Александрия кітапханасының құрылысымен айналысып және Александрия шамшырағын салып жатқан Филадельфке барынша көмегін беріп, әйелі айрықша қаржыгер ретінде өзін жаңа қырынан танытты. Оның тұсында бартерлік экономиканы тиындар алмастырды.

Мемлекетте көптеген қызмет түрлеріне мемлекеттік монополия енгізіліп, соның нәтижесінде ақша қазынаға өзендей ақты. Александрия ежелгі әлемнің ең үлкен теңіз портына айналып, онда сауда-саттық жанданды. Нәтижесінде Мысыр бай болып, осы уақытқа дейін кедей болып келген елде жалпы өркендеу кезеңі басталды. Патшайым ғибадатханаға мол сыйлықтар жасап, діни қызметкерлердің қолдауына ие болды. Бұл жағдай II Арсиноя мен оның күйеуі Птолемей Филадельфті құдайдай көруге әкелді десек те болады.

Мысыр патшайымының ескерткіші мысырлық ғибадаханалардың ішінде құдайлармен теңдей етіп қойыла бастады. Фила аралында II Арсинояға құдайлар анасы саналатын Исидаға табынғандай табына бастады. Бұл әйелді барлық жерде басындағы тәжімен бейнелеп отырды, бұл оның соншама қуатты билеуші болғандығын танытатын еді. Арсиноя тарихқа екі әлемді – Мысыр мен Грек әлемінің өкілі ретінде кірді. Алтын тиындарда оны гректік диадема-тәжіде бейнелесе, келесі бетінде берекенің екі кернеуін бейнеледі.

Бұл таңғаларлық әйел, б.з.д. 272 жылы Олимпиада ойындарына қатысып, күймелі арба ойыны бойынша үш жарыстың жеңімпазы болды. Патшайымның өлімінен кейін де күйеуі II Птолемей Филадельф, барлық құжаттарда патшайым болған әйелін еске алып отырды. Бұл әйелінен бала болмаса да, оны бірінші некедегі балаларының заңды анасы деп жариялады.

Эллинистік Мысыр (б.з.д. 332–б.з.д. 30) – Мысыр тарихының кезеңіне Ұлы Александрдың билігінен басталатын кезең. Эллинистік Мысырдың астанасы – Ұлы Александр негізін құраған Нілдің жағалауындағы гректік эллинистік мәдениеттің негізгі орталығына айналған Александрия қаласы болды. Мысырдың алғашқы патшасы Птолемей Сотер өздерінің күштерін нығайтып, Птолемей әулетінің негізін қалаған, ол бұрынғы дәуірлерден сақталған дәстүрлерді қолданды. Эллинистік Мысыр б.з.д. 30 жылдарындағы Октавия жаулап алғанға дейін өмір сүрген. Содан кейін Рим империясының провинциясына айналды.

Эллинистік әлем мәдениеті күрделі әрі жан-жақты болды. Ол грек мәдениеті мен Таяу Шығыс, Орта Шығыс мәдениеттері бөлігінің жиынтығын құрады. Эллинистік мәдениетке гректік рәсімдеу тән. Абсолютизм билеуші тап идеологиясының маңызды белгісі бола отырып, ежелгі мемлекеттердің ресми идеологиясының маңызды элементіне айналды. Эллинистік кезеңнің жалғасы ретінде Мысыр өзінің мәдени ерекшелігін жоғалтып және біртіндеп эллинистік әлемге қосылып, оның ажырамас бөлігі болып кетті.

Бұл кезеңнің басты әрі негізгі ғылыми-мәдени орталығы – Александрия, ал оның негізі өзегі эллинистік әлемдегі ең ірі болған, Мусейон негізінде құрылған әрі Пергаммен бірге сол



дәуірдің танымал ғалымдары мен жазушыларын біріктірген атақты Александрия кітапханасы болды. Бұл екі кітапханада бір-бірімен бәсекелесе алатын түрлі ғылыми мектептер болды. Александрияда қызмет ететіндердің арасында мынадай танымал адамдар бар еді: Евклид, Архимед, Аристарх Самофракийский, Дионисий Фракийский, Эратосфен, Страбон және т.б.

Ең көрнекті Александриядан шыққан ғалымдардың бірі – Александрия кітапханасының қырық томдық санағын құрушы Киренялық Калимахи (б.з.б. 310–240 жж.), б.з.д. үшінші ғасырдың ең маңызды ақыны болған. Ол әртүрлі жанрдағы шығармалар жазды: гимндер, эпиграммалар, қайғылы оқиғалар, комедиялар және басқалар. Тағы бір белгілі ақын Родос қаласының Аполлониосы (Аполлоний Родосский б.з.д. 295–215 жж.) «Аргонавтика» атты көлемді поэмасында эпикалық поэзияны қалпына келтіруге тырысты.

Эллинистік Мысырда алғаш рет тарихнама жанры дүниеге келді: осыған дейін Мысырда бұндай еңбек жазылмаған. Мұнда өткен оқиғалар тарихи шындықпен көркемдеп араластыра отырып сипатталды. Б.з.д. III ғасырда Себеннита қаласынан шыққан Мысырдың діни қызметкері Манефон (IV – б.д. III ғасырдың бірінші жартысы) «Мысыр тарихы» деп аталатын еңбек жазды – бұл еңбек грек тіліндегі үлкен жұмыс. Бұл жұмыс замандастарының арасында үлкен жетістікке жете қоймады, бірақ жеткен үзінділер оның жұмысының ерекше құндылығы туралы үлкен түсінік берді деп пайымдайды авторлар.

Ежелгі Мысырдың монументалды өнері өткен тарих еншісінде қалды. Алайда эллинистік дәуірде бірнеше таңғаларлық ғимараттар салынды. Олардың ішіндегі бастысы Фарос маягы (шамшырағы) – «Әлемнің жеті кереметінің» бірі. Бұл маяқты 280 жылдар ішінде Книдтік Сострат деген сәулетші салған. Фарос аралдарында кемелердің портқа кіруін жарықтандыру үшін салынған бұл маяқтың биіктігі 100 метрден асады. Бәлкім, бұл адамзат тарихындағы алғашқы маяк болуы мүмкін және ол – антикалық әлемнің ең ұлы құрылысы. Атақты құрылыс мың жарым жыл бойы тұрып, содан соң кейін қирап қалды.

I Птолемей кезінде де грек пен мысырлық пантеондардың ең маңызды ерекшеліктерін біріктіретін жаңа Сарапис құдайы пайда болды. Оның игілігі бүкіл елге тез тарады. Эллинистік Мысырдың ерекшелігі де діни күнделікті өмірде Құдайға тән монархтарға табынудың жаппай тәжірибесі болды. Птолемей дәуіріндегі Мысырда патшаға табынушылық шыңына жетті.

Оңтүстік Азияның көп бөлігін біріктіретін тұңғыш мемлекет Селевк империясы мен Птолемей патшалығымен бір мезгілде пайда болды. Б.з.д. 321 жылы, Александр өлгеннен кейін екі жыл өткенде, жас жауынгер Чандрагупта Ганг өзені бойындағы патшалықтардың ең алпауыт патшалығы Магадханы басып алды. Бірнеше көрші мемлекеттерді басып алып, содан кейін шамамен 303 жылы Инд өзеніне дейін көтеріліп, ол грек-македондық басқыншыларды жеңді, содан соң оларды солтүстік-батыс Үндістаннан шығарып тастады.

Чандрагупта немересі және Маурия хандарының үшінші басқарушысы Ашока Үндістанның басым бөлігін жаулап алып, адамгершілік принциптеріне негізделген тиімді және жүйелі орталықтандырылған үкіметті құруға тырысты. Ашока осы өсиеттерді Буддизмнің ілімінен алды, ал ол Үндістанда танымал діни қозғалыс ретінде пайда болды.

Арыстан капитель бағанасы

Ашока император бұл бағананы Будданың соңғы өсиетін уағыздаған күнді ұлықтау мақсатында Ганг өзенінің солтүстігіндегі Вайшали қаласында тұрғызған. Патша белгісі ретінде арыстан бейнесінің пайдаланылуы Ашока билеген Үндістандағы парсы мәдениетінің ықпалын көрсетеді.

Буддизмнің негізін қалаушы болып Сиддхартха Гаутама, кейіннен Будда Шакьямуни деп аталды, ал бұл ілімнің ізбасарлары оны «дхарма» (заң, ілім) немесе «буддхарма» (Будда оқулары) деп атады.

Ілімге сәйкес, адамдардың қайғы-қасіреті өздеріне тиесілі, олардың өмірге, материалдық құндылықтарға, өзгермейтін жанға деген сенімі, әмбебап ауытқуға қарсы келетін елесін жасау әрекеті. Азғындықты тоқтату (нирванаға ену) және өмірді «қалай болғанда» деп ойлауға жету өзін-өзі ұстау тәжірибесі (бес насихатқа жету) және медитация мен өз иллюзияларын жою арқылы мүмкін болды.



Бұл шындық буддизмнің төрт «Рақымды Ақиқатына» айналды.

Ашока патша Үндістанның ең ұлы билеушілерінің бірі болып табылады. Ол Маурия империясының үшінші патшасы болды. Ашоканың әскери жетістіктері оның атасының осы саладағы жетістіктерінен әлдеқайда төмен болды, бірақ ол тарихқа буддист-билеушісі ретінде кірді. Буддизм мен моральды сақтауға қосқан үлесі оны Үндістан тарихында көрнекті тұлға ретінде қалдырды.

Маурия империясы – Үнді құрлығының тарихындағы ең үлкен патшалық. Империя гүлденуі кезінде Мауриялар қазіргі Үндістан аумағын ғана емес, сонымен қатар, Бутан, Непал, Бангладеш, Пәкістан, Ауғанстан және Иранның бір бөлігін басып алды. Осы жерлердің басым көпшілігі әулетің бірінші әміршісі және Ашоканың атасы Чандрагупта Маурия билігі кезінде жеңіп шықты.

Ашока б.з.д. 275 жылы билікке келді. Алғашқы бірнеше жылда Ашоканың қатыгез патша болғаны айтылады. Аңыз бойынша, ол «Ашока тозағы» деп аталатын азаптау түрмесін салдырған. Ғимарат сыртынан әдемі, бірақ қорқынышты болған. Ол Ашокада баскесер қызметіндегі Гирианың өтініші бойынша салынып, тозақтағы азаптаудың бес түрін қолданған.

Ашоканың мейірімді буддистке айналуы Калинганы алуы туралы аңызбен байланысты делінеді. Қарсыластарын жеңіп, Ашока Калинга астанасындағы ойранды бағалау үшін қалаға кіреді, сондағы өліктердің көптігі соншалық, патша шошып кетеді. Осыдан кейін ол зорлық-зомбылықтан бас тартып, буддизмді қабылдайды.

Буддизмді қабылдағаннан кейін император өзінің империясында және одан тыс жерлерде осы дінді таратуға кірісті. Мұның бәрі тастар мен тіректерге ойып жазылған, оқуға болатын тұстардың барлығынан және оның жарлықтарынан көрінеді. Бұл бұйрықтар өмірдің түрлі салаларына қатысты және буддистік ілім әсерімен қабылданды.

Ашока Үндістан патшалығын нығайтуда буддизмнің маңыздылығын түсініп, оның таралуына ықпал еткен алғашқы патшасы болған. Оның көптеген заңдары монахтарға емес, қарапайым адамдарға қатысты болды. Сондықтан жазулар нирвананы, төрт асыл шындықты, сегіз жолды және өзге де ерекше түсініктерді айтпайды. Ең бастысы, императордың өзі «дхарма туралы жазулар» деп атаған практикалық бағыт болып табылды.

Ашока жазба ескерткіштері – біздің заманымызға дейін сақталған 33 жазба. Ол Үндістанның патшасы Ашоканың бұйрығымен б.з.д III ғасырда арнайы салынған үңгірлер мен тас бағаналардың қабырғаларында жазылған. Бұл Үндістандағы ең ерте жазба ескерткіші және Буддизмнің бар екендігі туралы алғашқы сенімді дәлел болып табылады.

Брахдағы құпиялы мәтіндерді өте ашық күйінде, қазіргі заманғы Пәкістан мен Үндістанның аумағында британдық басқыншылар тапты. Жазу түрінің тұрғысынан парсы дәстүрін ұстанғанын білуге болады, бірақ олардың мазмұны өте ерекше. Ашока – ол қатыгез соғыстардан бас тартып және басқа елге қарсы зорлық-зомбылықты өз елін қорғау кезінде ғана пайдаланатынын жариялаған тарихтағы алғашқы билеуші болып табылады.

Ерте замандағы Жібек жолы

Көшпенділер – этномәдени жағдайлардың көшпелі көшпенділерінде қалыптасқан этникалық топтар, халықтар мен тайпалар деп көрсетеді авторлар. Көшпелілердің гүлденуі «көшпелі империялардың» немесе «империялық конфедерациялардың» пайда болу кезеңімен байланысты.

Бұл патшалықтар құрлықтық жер шаруашылығы өркениеттерімен шектесіп, сол жерден шыққан өнімдерге байланысты болды. Кейбір жағдайларда көшпенділер, яғни скифтер, ғұндар, түріктер және т.б. алыстан сыйлықтар мен алымдарды талап етіп отырды. Кей жағдайда шаруаларды бағындырып, ақша өндіріп алды. Үшіншіден, олар жермен айналысатын шаруаларды жаулап, жергілікті тұрғындармен, яғни аварлар, булгарлар және т.б. сіңісе отырып, олардың аумағына көшті. Бұдан басқа, көшпенділер жерінен өтіп жүрген Жібек жолының бағыттарында керуен сарайлары бар стационарлық елді мекендер пайда болды. Кейбір көшпелі халықтар мен кейінгі көшпелі малшылардың, яғни Үнді-еуропалықтар, ғұндар, аварлар, түріктер және т.б. бірнеше ірі қоныс аударулары болғанын білуіміз қажет.



Хунн уақытында Қытай мен Рим арасындағы тікелей байланыстар орнатылды. Нәтижесінде халықаралық сауда, технологиялық және мәдени алмасулардың бірыңғай тізбегі құрылды.

Ішкі Еуразия саудасы орта Азияда шағын қалалар тобы пайда болғанда, яғни б.з.д. үшінші мыңжылдықтың соңында елеулі болды. Бұл қалалар Шығыс Азия мен батыс елдері арасындағы құнды тауарларды артып-тиеудің басты орталықтарына айналды.

Біртіндеп қазіргі заманғы «Жібек жолы» терминімен белгілі ішкі Еуразия жолдарының тұрақты тізбегін қалыптастырды. Бірнеше балама бағыттар болды және олардың орналасуы, әдетте, уақыт өте өзгеріп отырды. Кейбір тауарлар өте алыс қашықтыққа жіберіліп отырды. Мәселен, археологтар Мысырда шамамен 1000 жыл бұрын өмір сүрген әйелдің мумиясында Шығыс Азия жібегін тапқан.

Қорытынды

Жалпы біз ерте Жібек жолдарындағы саудалық ұйым туралы аз білеміз. Саудагерлер қауымдастығы шығындар мен тәуекелдерді бөлісу үшін уақытша біріктірілді. Саудагерлер ортақ тілдік, мәдени және іскерлік әдет-ғұрыптармен алмасып, сауданы жеңілдету үшін өздерінің одақтарын құрды.

Осылайша, Жібек жолы материалдық құндылықтарды ғана емес, сондай-ақ, барлық түрлердегі мәдениет-капиталды – жаңа технологияларды, діни ілімдерді және көркемдік стильдерді алмасу үшін тұрақты арнаға айналды.

Неліктен б.з. бірінші мыңжылдықта Жібек жолы сұранысқа ие болды? Әрине, негізгі факторлардың бірі Қытайдың аграрлық жерлерінен Жерорта теңізіне дейін созылған аграрлық және қалалық кеңейту болып табылады, бұл жергілікті жерлерде өндірілмейтін өнімдерге сұраныстың артуына алып келді.

Бұл мыңжылдықта Ішкі Еуразия халқының саны да арта түсті. Бұл негізінен көшпелілердің мамандандырылған экономикасы, сондай-ақ, өзен жағалауларындағы ауылшаруашылығын дамыту халық санының өсуіне мүмкіндік берді. Бұдан басқа, сауда тек қана шығыс пен батысқа ғана емес, сонымен қатар, солтүстік пен оңтүстікке қарай жүрді. Жалпы алғанда, Ішкі Еуразия керуендері бір өркениеттен екіншісіне бару үшін мүмкіндігінше жылдам өтуге тырысқан бос жер ретінде ғана болған жоқ. Керісінше, ол әлдеқайда тығыз халықпен көрші аймақтарға зор әсерін тигізетін әскери және экономикалық қуаттың шоғыры болды.